



«Бір ән салайын – 2026» қалалық музыкалық дуэттер байқауын өткізу туралы АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2026 жылы Алматы қаласында Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылатын «Бір ән салайын» қалалық музыкалық дуэттер байқауын өткізу жоспарлануда.

Аталған байқау жоғары оқу орындары арасындағы мәдени өзара іс-қимылды дамытуға, студент жастардың шығармашылық әлеуетін қолдауға, сондай-ақ музыкалық өнерді заманауи интерпретацияда кеңінен насихаттауға бағытталған.

Байқаудың ұйымдастырушысы – Т. К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы.

Байқаудың негізгі мақсаты – Алматы қаласындағы жоғары оқу орындары студенттері арасынан дарынды жастарды анықтау және ілгерілетуге арналған қалалық шығармашылық платформаны қалыптастыру.

Байқаудың міндеттері:

- студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- кәсіби тәлімгерлік негізіндегі дуэттік форматты қалыптастыру;
- қазақстандық және әлемдік музыкалық репертуарды кеңінен дәріптеу;
- студенттік шығармашылықтың мәртебесін нығайту.

Байқау форматы Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның кәсіби студенті мен Алматы қаласындағы өзге жоғары оқу орнының іріктеуден өткен студентінен құралған дуэттердің қатысуын көздейді.

Байқау үш кезеңнен тұрады.

Іріктеу кезеңдері (онлайн форматта) – 2026 жылғы 1 наурызға дейін.

Екінші кезең – 2026 жылғы 15 наурызға дейін.

Гала-финал 2026 жылғы 14 сәуірде Алматы қаласындағы Concordia театрында өтеді.

Гран-при үшін белгіленген жүлде қоры **2 000 000 (екі миллион)** теңгені құрайды.

Байқауға Алматы қаласының жоғары оқу орындарында білім алатын 17–22 жас аралығындағы студенттер қатыса алады.

Өтінімдер 2026 жылғы 26 ақпан сағат 20:00-ге дейін askarov.ansar.u@gmail.com электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Байланыс ақпараты:

Т. К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
Қазақстан, Алматы қ., Панфилов көш., 127, 050000

Электрондық пошта: kaznai@art-oner.kz

Байланыс телефоны: 8 (727) 338-35-55

Жоба үйлестірушісі:

Асқар Аңсар Ұзақбайұлы

Телефон: +7 747 726 0701

E-mail: askarov.ansar.u@gmail.com